

Мұғалім әдетте сабақта өте баяу ырғақпен сөйлейді, мұндағы мақсат оқушылар онын айтқан сөзін түсінсін дегендік. Оқушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, дұрыс ырғақта сөйлеген сөзді түсінбейді. Міне бұл қиындықты сабақта тек техникалық құралды қолдану арқылы жеңуге болады;

Егер тыңдаушы сөйлеушінің бет-әлпетін көріп, оның сөйлеу органдарының қимыл-қозғалысын байқап отырса, онда ол өзі тыңдап отырған сөзді жеңіл түсінеді. Жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңудің алғы шарты - мұғалім сабақта техникалық құралдарды кеңінен пайдалануы керек және оқушылардың тыңдау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларды дұрыс ұйымдастыра алуы қажет [3].

Қорытындылай келе, оқушылар шетел тілін меңгеру кезінде туындайтын психологиялық қиындықтарға иптербелсенді әдістер арқылы ықпал етуге болады, ал тыңдап-түсіну барысында туған қиындықтарды түрлі техникалық құралдарды қолдану арқылы жеңуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Амандықова Г., Мұхтарова Ш., Баймұқанова Б., Бисенғалиева А. Шетел тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы.-Астана: Фолиант, 2007.-264 бет.
2. «Мектептегі шетел тілі» журналы 2003 ж., № 1
3. «Шетел тілін оқыту әдістемесі» журналы 2011ж., №1.-50 бет.

**Секербай Н.**, әлеуметтік-педагогикалық факультет, ст. топ. ПжП-31  
(*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Бейсенбекова Г.Б.*)

## **ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ ҰСТАНЫМЫ: ОҚУ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» - атты жолдауында бізге дәстүрлі өндіруші секторлар тиімділігін арттыру маңызды, – деген болатын. Ол, біздің бәсекедегі табиғи артықшылықтарымыз. Бізге мұнай-газ секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, басқару, өндіру және көмірсутектерді өңдеудің жаңа тәжірибелері керек. Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша түбегейлі шешімге келуге тиіспіз. Сирек металдардың ғылыми қамтымды салалар – электроника, лазерлік техника, коммуникациялық және медициналық жабдықтар салалары үшін маңыздылығын ескере отырып, оларды игеру ауқымын ұлғайту қажеттігін көрсетіп берді [1]. Осыған орай, өткенімізді есте ұстай отырып, әлемге танымал болған біз, Евней Арыстанұлы Бөкетовті педагог, публицист, журналист, аудармашы ретінде оны сан түрлі қырларынап танимыз. Оның жеке тұлғасының тартымдылығы көбіне оның көркемдік бейнесімен сөзге, демек адамға деген талғампаздық, ұқыптылық қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Е. А. Бөкетовтің табиғатына үңілсек ол, 1925 жылдың 23 наурызында Солтүстік Қазақстан облысының Бағанаты ауылында дүниеге келген. Евней оқуды 1932 жылы егін орылмай жатқан кезде әкесі туған жерінен Челябинск облысы (қазіргі Қорған) Макушин астық кеңшарына келіп, ісін қара жұмысшы болып бастады.

1938 жылы ата-анасы туған еліне қайтып оралады, ал Евней Бөкетов аудан орталығында оқуын жалғастырады, бірақ әкесінің денсаулығына байланысты 1941 жылы 9-сыныпты бітіргеннен кейін, он алты жастағы бозбала Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Соколовка, Ольгина және Жалтыр ауылдарындағы, Двойники және Городецк селоларындағы бастауыш және орталау мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Отан қорғау үшін әскерге жаңадан шақыртылғандар қатарында басқа мекемелерге ұқсас мектеп мұғалімдері де болды, сондықтан жас ұстаз оқытушысы жоқ жерге жолдама алатын, осыған орай жұмыс орнын, яғни мектептерді жиі ауыстыруға тура келді. Мұғалімдік қызметте жүрген кездің өзінде жас Евней мектеп пәндерін оқыту мәселесіне жаңа тұрғыдан қарап, мысалы орыс тілі мен тарихты оқыту мәселесі бойынша жиі пікір таласағын [2,12]. Осы

кезде қазақ тілі мен орыс тілін меңгерген сауатты адамдардың жоқтығынан, жас Евней мұғалім ретінде саналған екен.

Көп ұзамай әкесі дүние салады, тек 1945 жылы ғана 20 жасында ол кәметтік аттестат алу үшін экстернат түрінде емтихан тапсыруға мүмкіндік алып, Е.А.Бөкетов Алматы қаласына келіп, осындағы Қазақ кен-металлургия институтының металлургия факультетіне оқуға түсіп, оны 1950 жылы бітіріп шығады.

1951 - 1953 жылдары Е.А.Бөкетов өзі бітірген институттың (ҚазКМИ) аспирантурасында оқыды. Осыдан кейін Е.А.Бөкетов жоғары мектеп оқытушысы ретінде яғни, педагогикалық қызметін бастайды.

1960 жылы академик Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Е.А.Бөкетов Қаз. КСРҒА Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия ғылыми зерттеу институтының директорлығына тағайындалады және осы қызметті 1972 жылдың наурызына дейін атқарған.

1965 жылы еңіс торлы шахта пештерінде бір топ құрастырушы түйіршіктелген Жезқазғандық концентраттарды күшейткіш күйдіруден өткізу үрдісін алғаш енгізген.

Осы еңбегі үшін ол КСРО-ның авторлық куәлігіне қоса, 1969 жылы Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығын иеленген. Бөкетов жаңалығы Ресейдің Орал электр мыс комбинатында, Жамбылдың фосфор, Теміртаудың "Карбид" зауыттарында қолданылған.

1966 жылы докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап, төрт жылдан соң Қазақ КСР ҒА-ға мүше-корреспондент, бес жылдан кейін академик болып сайланды.

1968 жылы педагогикалық қызметін ғылым докторы, профессор, Қарағанды Еңбек Қызыл Ту Ордені Политехникалық институтында жалпы химия кафедрасының меңгерушісі болып қосымша қызмет атқаруымен қайтадан бастайды. Осында ол физикалық химия бойынша дәріс оқып, зертханалардың қазіргі құралдармен жабдықталуына көп көңіл бөліп, жас оқытушыларды ғылыми қызметке тарта білді.

1969 жылы мыс рудаларын жинақы өңдеу технологиясын зерттеп, Балқаш кен-металлургия комбинатына ендіргені үшін Е.А.Бөкетовке КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1972-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет атқарған кезеңінде Евней Арыстанұлының педагогикалық дарыны айқын көрінді. Ол жеңіл, асыл, шаптыранды және ауыр металдар металлургиясы мен химиясы салалары бойынша атақты металлург-ғалым және физик-химик болды.

ҚарМУ де қызмет жасаған жылдары Евней Арыстанұлы «Мамандыққа кіріспе» пәні бойынша бірінші курстың студент химиктері үшін дәріс оқыды, ғылыми дәрістерінде химия тарихынан қызықты оқиғалар, жаңа элементтердің ашылуы Ломоносов, Менделеев, Ньютон, Бутлеров, Эйнштейн, Уалиханов, Сәтпаев сияқты ғалымдар туралы, химияның маңызы мен болашағы жайлы айта отырып, студенттердің қызығушылықтарын, өз мамандығына деген құштарлығын оята білді [2,14].

Жаңа оқу орнының құрылысы, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбиелік және тағы да басқа жұмыстар танымал ғалымды сырттай шаруашылық басшысына ұқсатып жібергенімен, ол қашанғы ұстамды, бағыл мінезінен таймады, республикадағы екінші университетті аяғынан тік тұрғызып, жоғары білім берудегі төрт қабырғасын берік етіп қалап, атақ-даңқын биікке көтеріп берген. 1972 жылы тақырыптық жоспарға 10 жұмыс енгізілсе, арада жеті жыл өткенде 15 ғылыми бағыт бойынша 91 тақырыпта ғылыми жұмыс орындаған. Мәскеу, Ленинград, Алматы, Новосібір т.б. қалалардың жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан болатын. Сондай-ақ, ол басқарған ұжым бес бірдей авторлық куәлікке ие болып, Канада, АҚШ, Австралия, Швеция, Франция, ФРГ, Жапония, Италия тәрізді елдерге патент тапсырған. Ол түрлі түсті, сирек және бытыраңқы металдар зертханасын ашады. Бұл Қазақстан ғылымы үшін күтпеген бірінші жаңалық еді. Өзі басқарған осы зертханада молибден, вольфрам, селен және теллур бойынша зерттеулер жүргізді.

Екінші жаңалығы - флотациялық байыту сатысында бос жыныстардан айырып алуға жеңіл көнетін, тотықтандырылатын мысты сульфидтік түрге айналдыру. Соның арқасында

жарамдылығы аз кендерден жоғары сапалы шикізат алынып, табиғат байлығы арта түскен. Осы екі табысы оны әлемге танытты.

Оның табиғатынан берілген тағы бір сыры, артынан көптеген ғылыми және әдеби еңбектері десек те болады. Бірақта, Е.А.Бөкетов әдебиет саласына ерте араласқан. Ол Марьевка селосының орта мектебінде оқып жүріп, С.Мұқановтың “Жұмбақ жалау” романын қазақ тіліне аударған. Одан кейін Е.А.Бөкетов елуінші жылдары әдебиет саласында (ғылыми жұмыстарымен қатар) еңбек етті. Ол Ғ.Мүсіреповтың “Оянған өлке” романына, С.Мұқановтың “Шоқан Уәлиханов”, Ә.Тәжібаевтың “Майра”, З.Шашкин мен М.Гольддлагтың “Тоқаш Бокин”, Ш.Құсайыновтың “Кеше мен бүгін”, Н.Хикметтің “Махаббат туралы аңыз” спектакльдеріне сын мақалалар жазған. Ол жазған мақалалар әдеби жағынан сауатты, жоғары кәсіби деңгейде болды.

Алайда, 50 жылдары Евней Арыстанұлы аудармашылық жұмыспен көп айналысады. Ол орыс тілінен қазақ тіліне И.Василенконың “Артемка” повесін, Э.Золяның әңгімелері мен мақалаларын, болгар жазушысы И.Вазовтың “Бұғауда” (“Под игом”) пьесасын, С.Есениннің “Анна Снегина” поэмасын аударған.

50 жылдардың орта шенінде Е.А.Бөкетов шығармашылығы республикада ғана емес, одақ оқушыларына да мәлім болған. Ол тіпті “Литературная газетінің” Қазақстан бойынша меншікті тілшісі болуы жөнінде ұсыныс алған. Бірақ ол ұсыныстан өзіне тән қарапайымдылықпен бас тартады. Өйткені, оның негізгі жолы ғылым, ғылымдық еңбек болған. 60 жылдардың аяғында ол “Орталық Қазақстан” газетіне “Канада әсерлері” атты публицистикалық әңгіме жазған.

1969 жылы сол газетте академик Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына арнап, “Аққан жұлдыздап құс жолына дейін” деген үлкен мақаласын бастырған. Бұдан соң ол елімізге белгілі ғалым әрі жазушы ретінде толық танылған. Ол ғылым мен әдебиетті құстың қос қанатындай тең ұстаған. Ол өзі: “Мен ... әдебиетті білмеген ғалымды шын мәнінде пағыз ғалым болады деп айта алмас едім, өйткені, білімді ғалымдар қапанда мәдениеті жоғары, әдебиетке жетік болған”, – деп жиі айтқан.

1970-1980 жылдары Евней Арыстанұлы әр түрлі республикалық және облыстық мерзімді басылымдарда ондаған публицистикалық мақалалар жариялаған. В.Маяковскийдің “Керемет” (“Хорошо”) поэмасын, В.Шекспирдің “Макбет” және “Юлий Цезарь” трагедияларын аударған [3, 13-16].

Е.А.Бөкетовты Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің туып, дамуы, перспективасы қатты ойландырған. Оның 1975 жылы “Жазушы” баспасынан “Атан қомында туған адам” кітабы және 1977 жылы сол баспадан орыс тілінде “Творчество қырлары” атты деректік-көркем очерктері басылып шыққан. “Атан қомында туған адам” очеркінде өнер, білім, мәдениет туралы әр жылдары жазған ой-толғаныстарымен қоса, қазақтың ғалымдары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, И.Қарағұлов, Ә.Бектұрғардың шығармашылық ізденістерін, талғам-танымын, талқан жаңалықтарын шұрайлы тілмен әсерлі әңгімелеген. Осы кітабында Е.Бөкетов әдебиет мәселелеріне ойысып, оның ішінде әсіресе, ақындық өнер, ақындық дарын хақында өз түсінігін оқырмандарымен бөліскен. Е.А.Бөкетовтың орыс халқының ғалымы Д.И.Менделеевке арналған повесі “Досқа алты хат” деген кітабы “Жалын” баспасынан 1989 жылы орыс тілінде, ал 1995 жылы қазақ тілінде жарық көрді. Өмірінің соңғы күндерінде Е.Бөкетов орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің Баркалай де Толлиге арналған “Қолбасшы” (“Полководец”) атты өлеңін қазақшаға тәржімалаған. Аударманы түп нұсқасымен салыстырғанда Е.Бөкетовтың ақындық қуатын жаңа қырынан көреміз.

Е.А.Бөкетов авторлас ретінде өз оқушыларымен бірге және жекелей 242 ғылыми мақалалар мен тезистер жазды, 9 монография, екі оқу құралын баспадан шығарды, КСРО-ның 100 тарта авторлық куәлігіне ие болды.

Сонымен қатар, Е.А.Бөкетов ғылыми кадрларды даярлау және тәрбиелеу ісіне де үлкен үлесін қосты. Ол 55 ғылым кандидаты мен 5 ғылым докторын даярлап шығарды. Оларға Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі З.М. Молдахметов, мүше корреспонденттері Е.И.Пономарева, Ж.Н.Әбішев, техника ғылымдарының докторлары,

профессорлар В.П. Малышев, М.З.Угорец сияқты белгілі химик және металлург ғалымдары жағады. Е.А.Бөкетов өмірден өтіп кетсе де, оның ізбасарлары ғылым докторы атағын алуды жалғастыра берді, яғни, техника ғылымдарының докторлары М.Н.Қазов, Н.С.Бектұрғанов, С.М.Исабаев, Ә.А.Жәрменов, В.Г.Шкодин, химия ғылымдарының докторлары М.И. Бәкеев, Ә.Бәйешов, Б.Қ.Қасенов, Г.В. Макаровтар еді [4,30].

Қорыта келгенде, Академик Е.А. Бөкетовтің білім, ғылым және ғылыми-ұйымдастырушылық салаларында жасаған істері, сондай-ақ ірі мәселерді шешу үшін ғалымдардың үлкен ұжымдарының бірігіп күш салысу тәжірибесі тұрғысынан атқарған істері біз үшін мәңгілік құндылықтар болып қала береді.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. taran.gov.kz/node/4232.
2. Евней Арсганович Букетов. Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана. // Құрастырғандар: Көбеев Е.Қ, Малышев В.П., Құлқыбаев т.б. Қарағанда, 2005.-183б.
3. Асанов К.Д. Е.А.Букетовтің публицистикасы: автореф. ф.ғ.к - Алматы, 2002.-30б.
4. Евней Арыстанұлы Букетов. Биобиблиографиялық көрсеткіш. // Құрастырғандар: Жамбеков М.И., Рүстембеков К.Т., Ким З.М. Қарағанды, 1992.- 154б.

**Төкен Т.**, кәсіби-көркемсурет факультеті, ПО-31 тобының студенті  
(Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент **Өтебаев И.С.**)

### ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жеткіншек шағы /10-15 жас/ ең қиын кез болып есептеледі. Балалардың тәртібі нашарлап, сабаққа үлгерімі төмендейді, қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас та қалыпты болмайды. Кейбір балаларда тіпті қоғамды жатсыну әдеті пайда болады.

Жеткіншек шағында ол қоршаған әлемге баға береді және оған деген өзінің қарым-қатынасын орнықтырады. Ол өмірдің тұрмыстық қарым-қатынастарына еніп, енді тек өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ғана емес, сонымен бірге өзі теориялық жағынан игерген қағидалар бойынша қарым-қатынасқа түседі және адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық құбылыстарды бағалауда ешкіммен ымыраға келмейтін, өз дегенім болсын дейтін әдет табады. Ол – айналадағының бәрінің сыншысы. Ол өзі жақсы көретін адамдардың кемшілігін де көргіш болады және сол үшін қиналады. Кез келген жалғандық оның ызасын тудырады және көңілін қалдырады.

Жеткіншек жасындағылар қарым-қатынасқа өте құмар келеді. Олардың жолдастарымен, құрдастарымен, сыныптастары, қарым-қатынасы төменгі сыныптардағы балалардың қарым қатынастарынан гөрі күрделірек, көп салалы әрі мазмұны тереңірек болады. Жеткіншектік кезең де жақындық дәрежесі жөнінен әр түрлі қарым-қатынастар қалыптасады, оларды жеткіншектер әншейін жолдастар, жақын жолдастар, жеке дос, деп нақпа-нақ саралайды. Қарым-қатынас жасайтын адамдары тек мектеп шеңберіндегі оқу әрекетімен шектелместен, барған сайын мектептен тыс шыға береді, жаңа мүдделерді, кәсіптерді, қарым-қатынастарды қамтып, жеткіншек өмірдің дербес және өте маңызды саласы болынып бөлінеді. Бұл қарым-қатынастарда әр түрлі оқиғалармен, күрес пен қақтығысулар, жеңістер мен жеңілістер, қуаныштар мен өкініштер кездесіп, осының бәрі жинақталғанда жеткіншектің нағыз өмірін құрайды. Ол осы ортада іс-әрекет жасап, ойланып толғанады, көп уақыты мен рухани күш-жігерін жұмсайды. Жолдастарымен қарым-қатынас жеткіншек үшін ерекше құндылыққа ие болады.

Жеткіншек өтпелі кезеңнің ең басты процесінің бірі – жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасында қайта бейімделу байқалады.